

«ЖЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрлігі Мәдениет  
комитетінің төрағасы



«БЕКІТІЛДІ»

Петр Чайковский атындағы  
Алматы музыкалық  
колледжінің директоры,  
СӨБ төрағасы

Р.Карибжанова

Хасанғалиев Б.Е.

**ПЕТР ЧАЙКОВСКИЙ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ МУЗЫКАЛЫҚ  
КОЛЛЕДЖІНІҢ 90-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ  
«КӨШПЕНДІЛЕР ӘУЕНІ»  
VI ДӘСТҮРЛІ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Осы ереже «Көшпенділер әуені» VI дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу тәртібін реттейді.
- 1.2. «Көшпенділер әуені» кәсіби музыкалық білім алушылардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік тудырып, олардың орындаушы-музыкант болып қалыптасуына үлес қосу. Сан ғасырдан бері мұра болып келе жатқан қазақтың әншілік өнерін, бай музыкалық мұрасын насихаттау. Жас орындаушылар арасында халқымыздың әншілік өнеріне деген қызығушылығын арттыру, орындаушылық деңгейімен шығармашылық өсуіне ықпал ету.
- 1.3. Байқау колледж студенттері арасында «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша өткізіледі.
- 1.4. Байқауды ұйымдастырушы «Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» МКҚК жанындағы оқу-әдістемелік бірлестігі. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Хасанғалиев Б.Е.
- 1.5. Байқаудың өтетін орны – Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі.
- 1.6. Байқауды өткізу мерзімі – 2022 жылдың 16-18 қарашасы.
- 1.7. Конкурстың бас серіктестері: «Nomad life» өмірді сақтандыру компаниясы, Акционерлік қоғамы; «Хасанғалиев әлемі» мәдениетті қолдау қоры.

**2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 2.1. Дәстүрлі ән өнері саласындағы жаңа таланттарды анықтау.
- 2.2. Қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін дамыту үшін жағдай жасау, өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеуде оның ролін күшейту.

- 2.3. Ән өнері арқылы кәсіби шеберлікті жетілдіру, қазақстандық патриотизмді және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- 2.4. Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Кенен Әзірбаев, Мұхит Мерәліұлы, Естай Беркімбайұлы сияқты ұлы қазақ әншілерінің шығармаларында адамгершілік пен патриотизм тақырыбына арналған мұраларды насихаттау.

### **3. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті).
- 3.2. Ұйымдастыру комитеті байқаудың ашылу және жабылу жиыны мен сахнаны безендіруге жауапты.
- 3.3. Келіспеушілік туындаған сұрақтарды шешу ұйымдастыру комитетінің төрағасына тиесілі.
- 3.4. Конкурсты жарнамалау мақсатында ұйымдастыру комитеті Бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз релиздерін ұсынады және ҚР Мәдениет және спорт Министрлігінің [www.msm.gov.kz](http://www.msm.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырады.
- 3.5. Ұйымдастыру комитеті конкурсты ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

### **4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Байқауға колледж студенттері қатыса алады.
- 4.2. Әр колледжден қатысатын үміткерлер саны 3-4 аспауы керек.
- 4.3. Байқау тыңдауларының нәтижелерін талқылау кезінде қазылар алқасының мүшелері байқауға қатысқан өз студенттерін бағалауға құқығы жоқ.

### **5. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- 5.1. Байқауға қатысушылардың өтінімдері 2022 жылдың 10 қазанынан б қарашасына дейін қабылданады.
- 5.2. Байқау екі кезеңнен тұрады.
- 5.3. Байқаудың II кезеңіне байқауға қатысушылардың 30% жіберіледі. Ұйымдастыру комитетінің шешімімен II кезеңге өтетін үміткерлер саны артуы мүмкін.
- 5.4. Байқауға қатысушыларға әр айналымның алдында дайындық класстары кесте бойынша беріледі.
- 5.5. Байқауға қатысушылардың өнер көрсету тәртібі жеребе арқылы белгіленеді. Бірақ қазылар алқасы төрағасы шешімімен немесе байқауға қатысушылардың қатыса алмауына байланысты өнер көрсету тәртібі өзгеруі мүмкін.

- 5.6. Байқауға қатысушыларды тыңдау ашық түрде өткізіледі.
- 5.7. Барлық орындалатын шығармалар жатқа орындалуы тиіс.

## **6. БАЙҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ**

### **6.1. I кезең**

1. Халық әні.
2. Халық композиторларының әні.
3. Ескендір Хасанғалиевтың дәстүрлі ән бағытындағы әні (өз қалауы бойынша).

### **6.2. II кезең**

1. Халық әні.
2. Халық композиторларының әні.
3. Жеребе.

6.3. **Ескендір Хасанғалиев әндерінің тізімі:** «Ағайын», «Мұхит бабам», «Ақжайық елім», «Көңіл назы».

6.4. **Жеребе тарту кезіндегі әндердің тізімі:** Мұхит Мерәліұлы «Кіші айдай», Жарылғапберді «Ардақ», Біржан сал «Сырғақты», К.Әзірбаев «Бұлбұлға», Қалқа «Сары жазық», Сақыптың әні, Нартай «Гигигай», Ешнияз «Дүрдараз», Абай «Сегіз аяқ», Д.Рақышев «Жер сұлуы Жетісу»

6.5. Ескендір Хасанғалиев әндерін осы ссылка бойынша жүктеуге болады <https://music-college.kz/news/76/single/121>

## **7. КОНКУРСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

- 7.1. Байқауда қазылар алқасы бір Гран-при, сондай-ақ 1, 2, 3 дәрежелі лауреат атағын тағайындайды.
- 7.2. Ескендір Хасанғалиев әндерін үздік орындағаны үшін арнайы ақшалай сыйлық беріледі.
- 7.3. Байқау жүлдегерлері, арнайы жүлде иегерлерімен дипломанттарына ақшалай сыйлықтар табысталады.
- 7.4. Ұстаз мәртебесін көтеру мақсатында тек Гран-при, 1, 2, 3 орын лауреаттары үшін ақшалай сыйлықтың 40% ұстазына, 60% лауреатқа тиесілі.
- 7.5. Қазылар алқасының шешімімен лауреаттар Байқаудың жабылуындағы Гала-концертке қатысады.
- 7.6. Байқаудың I кезеңінің нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін жарияланады.

## **8. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

- 8.1. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау, сондай-ақ қорытынды шығару және конкурс жеңімпаздарын анықтау туралы шешім қабылдау үшін қазылар алқасы құрылады.
- 8.2. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оған төрағамен қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.
- 8.3. Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 8.4. Қазылар алқасы қатысушының сөзін үзуге құқылы.
- 8.5. Қазылар алқасы құқылы:
  - Барлық жүлделі орындарды бермеуге;
  - Гран-при бермеуге;
  - Ақшалай сыйлықтарды бір жүлделі орын алған қатысушылар арасында бөлуге;
  - Арнайы және ынталандырушы сыйлықтармен дипломдармен марапаттауға.
- 8.6. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

## **9. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Байқауға қатысу үшін 2022 жылдың 6 қарашасына дейін қатысушы Өтініш үлгісін жіберуі қажет (1-қосымша) – тек Word бағдарламасында толтырылған.
- 9.2. Өтінішті [konkurs.dasturlian.22@mail.ru](mailto:konkurs.dasturlian.22@mail.ru) электрондық почтасына жіберу керек.
- 9.3. 2022 жылдың 6 қарашасынан кейін келіп түскен өтінімдерді Байқауды ұйымдастыру комитеті қабылдамайды.
- 9.4. Толық емес қосымшалар немесе жоғарыда аталғандары жоқ материалдар қабылданбайды.

## **10. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

- 10.1. Ұйымдастыру комитеті аудио немесе бейнежазбаға, сондай-ақ барлық конкурстық тыңдауларды және Байқау жеңімпаздарының қорытынды концертін радио, теледидар немесе интернат арқылы таратуға құқылы.
- 10.2. Байқау лауреаттары қорытынды концертте тегін өнер көрсетуге міндетті.
- 10.3. Қатысушылар Байқауда өнер көрсеткені үшін, сонымен қатар Ұйымдастыру комитеті олардың орындауындағы аудио немесе бейнежазбаларды, радио, теледидар немесе интернет хабарламаларын пайдаланғаны үшін сыйақы алмайды.

10.4. Осы ереже колледждің <https://music-college.kz/> ресми сайтында жарияланған.

## **11. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР**

11.1. Байқауға қатысу үшін қатысу жарнасы алынбайды.

11.2. Қатысушылардың Байқауға қатысуына байланысты барлық шығындарды өз қаражаты есебінен жасалады.

## **12. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ**

### **Байқаудың ұйымдастыру комитеті:**

Мукушева Гульмира Курабаевна, директордың ОӘБ жөніндегі орынбасары +7 701 711 36 45

Алшынова Гүлім Сәкенқызы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК төрайымы +7 707 385 46 56

### **Модераторлар:**

Сатарова Үміт Жолдыбайқызы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК оқытушысы +7 771 789 24 94

Искаков Жұлдыз Маратұлы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК оқытушысы, колледждің баспасөз хатшысы +77087226792

Апенова Айгерім Жангелдіқызы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК оқытушысы +7 702 171 52 92

«Көшпенділер әуені» дәстүрлі  
орындаушылардың республикалық  
конкурсын өткізу қағидаларына  
1-қосымша

**«Көшпенділер әуені» VI дәстүрлі орындаушылардың  
республикалық конкурсына қатысуға өтінім**

Қатысушының аты-жөні	
Қаласы	
Қатысушының оқу орны	
Оқу орнынан анықтама	
Жеке куәлік немесе туу туралы куәлік көшірмесі	
Оқу орны ректоры (директоры) ТАӘ	
Оқытушының аты-жөні	
Байланыс телефондары	Телефон: e-mail:
I кезең бағдарламасы	1. 2. 3.
II кезең бағдарламасы	1. 2. 3.

«Көшпенділер әуені» дәстүрлі  
орындаушылардың республикалық  
конкурсын өткізу қағидаларына  
2-қосымша

### **Байқау бағдарламасы**

- 1. Ұйымдастыру комитетінде Байқауға қатысушыларды тіркеу:**  
15.11.2022 ж., 10.00-12.00, №319 кабинет.
- 2. Жеребе тарту:**  
15.11.2022 ж., 14.00 сағ., Камералық зал.
- 3. Дайындық:**  
15.11.2022 ж., 14.30-20.00, дайындық класстарында.
- 4. Байқаудың салтанатты ашылуы:**  
16.11.2022 ж., 10.00-11.00, Ермек Серкебаев атындағы Концерттік залы.
- 5. Байқауды тыңдау:**  
I кезең – 16.11.2022 ж., 11.00-19.00 (13.00-14.00 түскі үзіліс).  
II кезең 17.11.2022 ж., 10.00-17.00 (13.00-14.00 түскі үзіліс).
- 6. Марапаттау рәсімі. Лауреаттардың қатысуымен Гала-концерт:**  
18.11.2022 ж., 12.00 сағ., Ермек Серкебаев атындағы Концерттік залы.